

Ғажайыпқа толы Жаңа жыл!

Мереке қарсаңында балаларға
Жаңа жылдық сыйлықтар
тарту етілді



Жаңа жыл - әлемдегі қуанышқа, шаттыққа толы мерекелердің бірі.

Таңғажайып әрі сиқырға толы мерекені үлкен кішінің барлығы асыға күтетіні анық. Әсіресе, балалар үшін бұл мереке қайталанбас мерекелердің бірі.

Ауданымыздың абзал азаматтарының арқасында Жаңа жыл мерекесі қарсаңында екі отбасының бүлдіршіндері шаттыққа кенелді. Аудандық ішкі саясат бөлімі қызметкерлері, Аналар кеңесі, «Меңдіқара жастары» ҚБ және аудандық қоғамдық келісім кеңесінің мүшелері көп балалы отбасыларға көмек қолын созып, балаларға сый-сияпат тарту етті.

Көп балалы әке Серік Кәкімжанов және үш бірдей бүлдіршінді тәрбиелеп отырған Руслан Омаров балапандарына қуаныш сыйлап, мереке қарсаңында жүректеріне жылулық ұялатқан жандарға шексіз алғыстарын білдірді.

- Арамызда осындай мейірімді жандардың барына қуаныштымыз. Балапандарымыздың да алғыстары шексіз. Биыл балғындар карантиндік шектеулерге байланысты ертеңгіліктерге қатыса алмай жатыр. Дегенмен, жақсылар

игі бастама жасап, біздің бүлдіршіндерімізге қуаныш сыйлады. Отбасымның атынан ақ көңіл жандарға зор ризашылығымды білдіріп, алғыс айтамын, - деді көп балалы әке Серік Азырханұлы.

Жыл сайын Аяз Ата мен Ақшақарды асыға күтетін балдырғандар үшін биылғы Жаңа жыл ерекше болды. Сонда да, мейірімді аға-әпкелерінің игі бастамасының арқасында жас балғындар ғажайыпқа сеніп, шаттыққа кенелді.

- Балалар Жаңа жыл мерекесі қарсаңында ғажайыпқа сенсін, қуанышқа бөленсін деген оймен, осындай кішігірім бастаманы ойлап тауып, сый-сияпат жасағанды жөн санадық. Балалардың жүздерінен қуанышты көру біз үшін үлкен бақыт. Қиындыққа қарамай балапандарын тәрбиелеп отырған, көпке үлгі болған әкелерге мың алғыс айтып, жанұяларына береке-бірлік тілеймін, - деді Аналар кеңесінің төрайымы Алтыншаш Есетова.

Осылайша, жаны жомарт жандардың игі бастаманы қолға алуының арқасында бүлдіршіндер үлкен қуанышқа кенелді.

Тұрсынай МҰХТАРҚЫЗЫ